



Ембі ТЫНЫСЫ

№2 (119)
АҚПАН
2024 ЖЫЛ

«ЕМБІМҰНАЙГАЗ» АҚ КОРПОРАТИВТІ ГАЗЕТІ

БІЗДІҢ МИССИЯМЫЗ:

Біз әлеуметтік және бизнес мүдделердің тепе-теңдігін сақтау арқылы компания жұмысшыларына тұрақтылықты, акционерлерге тиімділікті қамтамасыз ету үшін мұнай мен газды өндіреміз

Құрметті ембіліктер! Қадірменді мұнайшы арулар!

Сіздерді көктемнің шұғылалы мерекесі 8-наурыз -
Халықаралық әйелдер күнімен шын жүректен құттықтаймыз!

Қазіргі Қазақ әйелі - барлық қиындықты жеңе білетін сарқылмайтын күш, тірліктің қайнар бұлағы. Осы сөз дәл біздің ембілік мұнайшы қыздарымызға арналып айтылғандай.

1941-1945 соғыс жылдары ембілік әйелдер мұнай кәсіпшілігінде 8-12 сағаттан жұмыс жасады. Олар әрбір іске ұйытқы, ынтымаққа тірек, береке-бірлікке мұрындық болды. Жеңіс күнін жақындатуға зор үлес қосты.

Асыл аналардың ұрпақтары үзілмей, олардың қыздары да ежелден қалыптасқан қайраттылығын, төзімділігін көрсетті. Осы еңбек ерлігі әлі де жалғасын тауып келеді. Бүгінде өндірісте ерлермен тең еңбек ете жүріп, отбасының ұйытқысы болып отырған 800-ге тарта ембілік мұнайшы қыз-келіншектерді мақтан тұтамыз.

Әйелдердің қоғамдық белсенділігінің артуы – заманауи талаптардың бірі. Осы мақсатта біздің компанияда құрылған «Мұнайшы қыз» клубы мұнай-газ саласында табысты еңбек етіп жүрген әйелдердің тәжірибесін тарату, сол арқылы өзге қыз-келіншектердің жан-жақты дамуына жағдай жасау жолында 5 жылдан астам уақыт түрлі шараларды ұйымдастырып келеді.

Әйелдер – қашан да нәзіктік пен жылылықтың символы. Сондықтан, ембілік мұнайшы қыздар бас қосқанда қабылданатын шешімдер мен іс-шараларда әрқашан жанашырлық байқалады. Ал, дәл қазір қоғамымызға керегі де осы.

Сонымен қатар, көгілдір көктемнің алғашқы күні аталып өтетін Алғыс айту күнімен барша әріптестерімізді құттықтап, еңбектеріне табыс, отбасыларына татулық пен ырыс тілейміз.

Келіп жеткен мерекелер құтты болсын, әріптестер!

Ізгі тілекпен, «Ембімұнайгаз» АҚ басшылығы

КЕНІШТЕРДЕ – ЖАҢА ЖЕДЕЛ ЖӨРДЕМ КӨЛІКТЕРІ



→ 2

ЕСЕПТІК КЕЗДЕСУ: МЕЖЕЛІ МІНДЕТТЕРДІҢ ОРЫНДАЛУЫ ОЙДАҒЫДАЙ



→ 4-6

КІБІСЕ ЖЫЛЫ ТУРАЛЫ НЕ БІЛЕМІЗ?



→ 8

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ «ҚАЗМҰНАЙГАЗ» ҰК» АҚ БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫ МАҒЗҰМ МЫРЗАҒАЛИЕВТІ ҚАБЫЛДАДЫ



Касым-Жомарт Тоқаевқа компанияның 2023 жылғы операциялық және қаржылық қызметінің қорытындысы туралы есеп берілді.

Берілген мәліметтерге сәйкес, былтыр «ҚазМұнайГаз» 2022 жылмен салыстырғанда негізгі өндірістік көрсеткіштер бойынша өсімге қол жеткізген.

Президентке Қазақстан мұнайының экспорттық бағыттарын дамыту ісі жөнінде

баяндалды. Атап айтқанда, Германияға және Әзербайжан бағытына «Баку – Тбилиси – Джейхан» мұнай құбыры арқылы шикізат жеткізіле бастады. Сондай-ақ Біріккен Араб Әмірліктеріндегі серіктестермен бірлесіп, танкер флотын кеңейту жұмыстары жүргізілді.

Мемлекет басшысына тауарлық газ өндірісін арттыру және ішкі нарыққа мұнай өнімдерін үздіксіз жеткізуді қамтамасыз ету, сондай-ақ инвестиция тарту, мұнай-газ химиясы жобаларын дамыту жөніндегі тапсырмаларының орындалу барысы жайында мәлімет берілді.

Сонымен қатар, Мағзұм Мырзағалиев Каспий теңізінің қазақстандық секторындағы «Қаламқас-теңіз, Хазар, Әуезов» теңіз жобасы мен ұлттық компанияның геологиялық барлау бағдарламасының қалай жүріп жатқанын жеткізді.

Бұдан бөлек, Қасым-Жомарт Тоқаевқа «ҚазМұнайГаз» компаниясының кәсіпорындары орналасқан өңірлерде жүзеге асырылып жатқан әлеуметтік жобалар туралы айтылды. Мәселен, Президентке «Астрахан – Маңғышлақ» магистральды су құбырын қайта жаңғырту жобасының аяқталғаны (І кезең) және Маңғыстау облысы Жаңаөзен қаласының қажеттілігі үшін жаңа су тұщыту зауытының құрылысы басталғаны жөнінде баяндалды.

Кездесу соңында Мемлекет басшысы инвестициялық жобаларды жүзеге асыру, көмірсутегі экспортының бағыттарындағы тұрақтылықты қамтамасыз ету және геологиялық барлау жұмыстарының ауқымын кеңейту жөнінде бірқатар нақты тапсырма берді. Президент ұлттық компанияның мұнай-газ химиясын дамытуға бағытталған жұмысына ерекше мән беру қажет екенін айтты.

www.akorda.kz

ҰРПАҚТАР САБАҚТАСТЫҒЫ

«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ-ның қолға алуымен еліміздің мұнай-газ саласының еңбек сіңірген қайраткерлерімен гибриді форматта кездесу өтті. «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Басқарма төрағасы М.Мырзағалиев төрағалық еткен жиынға бас компанияның барлық еншілес мекемелерінің ардагерлері ZOOM жүйесі арқылы қосылды.

Жиында «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Басқарма төрағасы М.Мырзағалиев 2023 жылдың қорытындысына және инвестициялық, әлеуметтік жобаларға тоқталды. Сонымен қатар, 2024 жылдың жоспарынан ақпараттар берді.

«Біздің кездесуіміз – «Мұнай-газ кешенінің ардагерлері» республикалық қоғамдық бірлестігінің бастамасының арқасында болып отыр. Бүгін біз еліміздің барлық өңірлеріндегі құрметті ардагерлерімізді жинадық. Біз сіздердің кеңестеріңіз бен ұсыныстарыңызды зор ризашылықпен қабылдайтынымызды атап өткім келеді», - деді М.Мырзағалиев кездесу барысында.

Кездесуде ардагерлердің назарына еліміздің мұнай-газ секторындағы ірі жобалардың қолға алынуы, өндірістегі жаңа технологиялар, байырғы кен алаңдарындағы оңалту жұмыстары, геологиялық барлау шаралары т.б. мәселелер кеңінен таныстырылды.

«Мұнай-газ кешенінің ардагерлері» республикалық қоғамдық бірлестігінің Бас директоры Анатолий Тегисбаев ардагерлер атынан сөз алып, бар саналы ғұмырын ел экономикасының дамуына арнаған аға буынның өмірлік тәжірибелерінің жас мамандарға керектігіне баса мән беріп, бұл орай-

ТАҒЫЛЫМДЫ КЕЗДЕСУ



да аталмыш қоғамдық бірлестіктің жүргізіп отырған жұмыстарына қысқаша шолу жасады.

Атырау облысы Қоғамдық кеңесінің төрағасы, «Ембімұнайгаз» АҚ директорлар Кеңесінің тәуелсіз директоры, ембілік ардагер Максим Избасов өз сөзінде ел бойынша қолға алынып жатқан қорды көбейту мақсатындағы жобаларға сәттілік тілей отырып, ембілік ардагерлердің ұсыныстарын жеткізді. Атап айтсақ, мұнайды экспорттау жайы, компанияның бүгінгі қаржылық жағдайын жақсарту үшін экспортты өсіру және ішкі нарыққа шығарылатын өнімнің бағасын көтеру туралы ойын ортаға салды.

Кездесу барысында бар саналы ғұмырын еліміздің мұнай-газ секторына арнап, экономика саласының

дамуында зор үлестері бар ардагерлер ұйымдастырылған шараға ризашылықтарын білдіріп, өздерінің ұсыныс-пікірлерін де айта кетті.

«Бұл кездесу мұнай-газ саласының

ардагерлері үшін маңызды. Біз өзіміздің осы салада жиган мол тәжірибемізді бүгінгі жастарға берсек дейміз. Бүгінгі өндіріске еніп жатқан ғылым жаңалықтары арқылы сіздердің қолға алып жатқан еліміздің мұнай өндірісін арттыру, геологиялық барлау мен кен орындарын оңалту шараларына қатысты бастамаларыңызға өзіміздің үлесімізді қосуға әрдайым дайынбыз» деген аға буын ұрпақтар сабақтастығының маңыздылығын тағы бір мәрте алға тартты.

Жиын соңында «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Басқарма төрағасы М.Мырзағалиев қойылған сауалдар мен ұсыныстарға өзінің жауабын жолдай отырып, мұндай басқосулардың жыл сайын ұйымдастырылатынын айтты.

СЕМИНАР-КЕҢЕС

ЖЕТІСТІККЕ ЖЕТУДІҢ ЖОЛЫ - КӘСІБИЛІКТЕ



Жуырда «Ренессанс» қонақүйінің конференц-залында «Ембімұнайгаз» АҚ қызметкерлерді басқару және еңбекке ақы төлеу блогы қызметкерлерінің дәстүрлі семинар-кеңесі өтті.

- Өткен 2023 жыл жалпы «Ембімұнайгаз» компаниясы үшін табысты жыл болды. Белгіленген мұнай өндіру жоспарын артығымен орындауға қол жеткіздік. Бұл табыста кадр саласы қызметкерлерінің де қосқан үлесі зор. Осы орайда, кадрлар бөліміне өткен жылғы тиімді жұмысы үшін алғыс айтамын және бірлескен мүдде арқасында жаңа жетістіктерді бағындыратынымызға сенімдімін, - деп атап өтті ЕМГ Бас директоры Сәбит АРЫНОВ.

Форум барысында Компанияның барлық 6 өндірістік

құрылымдық бөлімшесінің кадр қызметінің жетекшілері презентация таныстырды.

- Біз кәсіби өсу үшін әр жұмыскерге тең жағдай жасап, жоғары нәтижелерге, жаңа білім алуға ұмтылған қызметкерлерді бағалаймыз және өз тарапымыздан қолдауды аямаймыз. Себебі, білікті кадр – кәсіпорнымыздың ғана емес, еліміздің тірегі, - деп атап өтті ЕМГ Бас директорының кадр және әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары Қайрат ӘБЕНОВ.

Есептік баяндама кезінде ЕМГ қызметкерлерді басқару және еңбекке ақы төлеу департаментінің директоры Бекет ГУБАЙДУЛЛИН жиынға қатысушыларды қызметкерлерді дамыту функционалдық стратегиясының барлық бағыттары бойынша HR-бөлімі қызметінің жұмысымен таныстырып, өткен жылғы нәтижелерді баяндады. Барлық кадр қызметі

жетекшілерінің баяндамаларын қорытындылап, кейбір бөлімшелердің жетістіктеріне тоқталды. Мамандарға атқарған жұмыстары үшін алғыс білдіріп, сонымен қатар, өзге мұнай-газ компаниялары тарапынан жоғары бәсекелестіктің және әлемдік даму жағдайларына байланысты HR-бөлімі қызметінің тиімділігін арттырудың маңыздылығын атап өтті.

Семинар-кеңес лектор Мөлдір Қамзина өткізген «Адамдарды басқару», «Стратегиялық HR менеджментінің композициясы», «Компанияның HR саясатына талдау», «Талант-менеджмент, құзыреттерді басқару» семинар-тренингтеріне жалғасты. Тренинг барысында қатысушылар түрлі стратегиялық құралдарымен танысып, жеке тиімділікті арттыру, жеке және ұжымдық жұмыстың сапасын жақсарту бойынша ұсыныстар жасалды.

САЛАУАТТЫЛЫҚ

КЕНІШТЕРДЕ – ЖАҢА ЖЕДЕЛ ЖӘРДЕМ КӨЛІКТЕРІ

«Ембімұнайгаз» АҚ-да кен орындарындағы жұмысшыларды жұмыс алды медициналық тексерістен өткізіп, оқыс жағдайларда алғашқы көмек көрсететін «Медикер-өндірістік медицина» ЖШС-не 4 жедел жәрдем көлігі алынды.

Заманауи талапқа сай аппараттармен толық жабдықталған медициналық көліктер «Қайнармұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасына қарасты Б. Жоламанов, «Доссормұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының Комсомол және Қарсақ кен орындарына жіберілді.

Айта кетсек, «Ембімұнайгаз» АҚ бойынша 2023 жылы шұғыл жедел жәрдем көлігімен эвакуацияланған науқастар саны 165-ті құрады. Оның ішінде, жүрек қан тамыр (артериалдық гипертензия, ИБС) және тірек-қимыл аппараты аурулары – негізгі диагноздар болып табылады.

Қызметкерлердің өмірі мен қауіпсіздігін басты назарда ұстайтын Компания «Жайықмұнайгаз» МГӨБ-ның Забұрын, Жаңаталап, «Қайнармұнайгаз» МГӨБ-ның Ұаз кеніштеріне ағымдағы жылдың жаз айларына дейін тағы қосымша 3 жедел жәрдем көлігін алуды жоспарлауда.



ЕСЕПТІК КЕЗДЕСУ: МЕЖЕЛІ МІНДЕТТЕРДІҢ



«Ембімұнайгаз» АҚ басшылығының Компанияға қарасты өндірістік-құрылымдық бөлімшелер ұжымдарымен есептік кездесулері «Доссормұнайгаз», «Жылыоймұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасында, «Өндірістік-техникалық қамту және жабдықтармен комплектациялау», «Ембімұнайэнерго» басқармаларында өтті.

2023 жылдағы өндірістік көрсеткіштер, әлеуметтік-қаржылық нәтижелер сараланған жиындарда «Ембімұнайгаз» АҚ Бас директоры Сәбит Арынов өткен жылда оң нәтижесін тапқан игі шараларға тоқталып, ұжымдағы табысты еңбектің кілті бірлікте екенін баса айтты. Сонымен қатар, Компанияның өндірістік, әлеуметтік-қаржылық дамуына, беліленген меженің ойдағыдай орындалуына үлес қосқан, күрделі сәтте адал еңбектің үлгісін көрсеткен әрбір жұмысшыға алғысын білдірді.

Әр ұжымда өткен барлық есептік кездесудің түйіні ортақ болды. Табысты еңбектің кілті-ұжымшілік татулық пен бірліктің орнауы. Осының нәтижесінде ембіліктер өткен жылды айтарлықтай табыспен аяқтады. Мұны Сәбит Әбілдаұлы барлық ұжымдағы кездесуде баса мән бере айтты.

2023 жыл біздің компания үшін сәтті болды. Өнім өндіру жоспарын қосымша 15 мың тоннаға, өнім тапсыру жоспарын да 30 мың тоннаға артық орындадық. Жазатайым оқиға көрсеткішін айтарлықтай азайтсақ, өлім жағдайы мүлдем тіркелген жоқ. Компания өз алдына қойған өндірістік жоспарын артығымен орындауға қол жеткізсе, бұл жетістікте әрбір мұнайшының үлкен үлесі барын ерекше атап өтеміз,-деді «Ембімұнайгаз» АҚ Бас директоры Сәбит Арынов.

«Доссормұнайгаз» МГӨБ-ның бас кеңсесінде өткен 2023 жылдың өндірістік-қаржылық көрсеткіштері бойынша есептік кездесуде басқарманың еңбек жағдайын жақсарту мақсатында нәтижесін

тапқан шараларға жан-жақты тоқталды. Атап айтсақ, Қошқар кен алаңындағы асхана мен жатақханада, әкімшілік ғимаратында, Алтыкөл кенішіндегі «Тағанай» гаражында, Шығыс Мақат кенішінде сорап стансасында, Мақат орталық резервуарлық паркінің өрт сөндіру сорап стансасында күрделі жөндеу жүргізілген. Алтыкөлде мобильдік тренажер залы орнатылса, Байшонос пен Қарсақ кеніштері арасындағы 2 шақырымдық жолға жөндеу жүргізілді.

Компания бойынша дәстүрге енген «Үздік маман-2023» байқауының қорытындысы бойынша командалық есепте «Доссормұнайгаз» МГӨБ басқармасының ұжымы 2-орынды иеленді.

Басқарманың №1 Ботахан мұнай және газ өндіру цехының операторы Дүйсембай Ержанғалиев III дәрежелі «Еңбек даңқы» мемлекеттік наградасымен марапатталды. Ал, 2023 жылда өндірістік көрсеткіштердің орындалуында табыстарға қол жеткізген доссорлық 4 қызметкер «жылдың үздік маманы» деп танылды.

Өндірістік-техникалық қамту және жабдықтармен комплектациялау басқармасында қарапайым еңбек адамының әлеуметтік жағдайын жақсартуға басымдық беру мақсатты шараның аясында Атырау базасындағы асхана ұжым жұмысшыларының өз күштерімен күрделі жөндеуден өтті. Ембі өндірісінің үздіксіз жұмысына қажетті жабдықтармен қамтамасыз ету үшін жоспарланған 720 рейстің орнына 1 029 рейс жасалынған.

Басқарманың күнделікті жұмысында топ жарған екі қызметкер Компания бойынша жыл үздігі атанды.



ОРЫНДАЛУЫ ОЙДАҒЫДАЙ



«Ембімұнайэнерго» басқармасында электр тораптарға және электр жабдықтарына техникалық қызмет көрсету жұмыстары, электр қозғалтқыштар мен трансформаторлар мен әуе желілерін жөндеу жұмыстары, электрохимиялық қорғаныс құралдарына техникалық қызмет көрсету т.б. жұмыстар 100% орындалған.

«Жылыоймұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасына қарасты кен алаңдарында өнім өндіру мен тапсыру жоспарын орындауда өндірістік қауіпсіздік талаптарын сақтау жіті назарда. Көрсеткіш те жақсы.

«Жылыоймұнайгаз» МГӨ басқармасының бас кеңсесі Прорва кен алаңындағы есептік кездесуде өткен жылы нәтижесін тапқан істер сараланды.

Еңбек пен демалыс жағдайын жақсарту бойынша жатақханасы бар әкімшілік ғимараты мен Қысымбай кенішіндегі ППН-дағы сорғы

ғимараты, Каратон кен алаңындағы су дайындау және айдау цехындағы оператор ғимараты, СП-1 оператор ғимараты және Терең-Өзек кенішіндегі ПССН оператор ғимараты, Прорва мұнай дайындау және айдау цехының химиялық лабораториясы мен оператор ғимараты, Прорва ГДЖКАЦ өрт сөндіру депосының ғимаратына күрделі жөндеу жүргізілді.

С.Нұржанов кенішіндегі Прорва МГӨЦ әкімшілік ғимаратының құрылысы басталды (ғимарат фундаменті кұйылды). Қысымбай мен Каратонда су дайындау және айдау цехында техникалық қажеттілікке арналған блок-модуль типті жылу қазандығы салынды.

Жылыойлық мұнайшылар есептік кездесу барысында басшылық алдында өздерін алаңдатқан сауалдарды да қойды.

Мұнайшылардың тараптарынан болған сауалдар еңбекке уақытша жарамсыздық

Өндіріс: 2023 жылы тұтастай алғанда Компания бойынша мұнай өндіру мен тапсыру жоспары орындалғанымен кедергілер де болды. Өткен жылдың шілде-тамыз айларында орын алған апаттық жағдай салдарынан МАЭК-тің 1-ші және 3-ші энергоблогы тоқтады. Нәтижесінде «Атырау-Жарық» акционерлік қоғамы тарапынан Ембі өндірісінің кен орындарына электр энергиясын беруге шектеу қойылды. Аталған жағдайдың барлық басқармалардың өндірістік көрсеткіштерін орындауға кері әсері де болды. Десек те, компаниядағы татулық пен бірліктің нәтижесінде жалпы межедегі жоспар артығымен орындалды.

Жас мамандармен жұмыс: «Ембімұнайгаз» АҚ өндірістік және әлеуметтік мәселелерін шешуге жұмысшы жастарды белсенді тарту мақсатында Жас мамандар күні және жас мамандардың үздік жобаларын іріктеу шарасын ұйымдастыру дәстүрге енген.

2023 жылы кадрлық резервті дайындау үшін жас мамандарға арналған SERPIN модульдік бағдарламасы іске қосылды, оған 28 адам қатысты.

Қызметкерлерді мемлекеттік және ведомстволық наградалармен марапаттау: Табысты еңбек дер кезінде ұлығылануымен құнды десек, 2023 жылы компанияның барлығы 321 қызметкері мемлекеттік, ведомстволық наградалармен, Құрмет грамоталары, алғыс хаттармен марапатталды.

«Үздік маман» кәсіби шеберлік байқауы: «Ембімұнайгаз» АҚ жұмысшыларының кәсіби біліктілігін дамыту мақсатында жыл сайын «Үздік маман» байқауы өтеді. 2023 жылы аталмыш байқау 15 мамандық бойынша өтті.

Бұқаралық спорт: Ұжымдағы салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында «Ембімұнайгаз» компаниясының өндірістік-құрылымдық бөлімшелері арасында «Мұнайшылар спартакиадасын» ұйымдастыру тұрақты қолға алынған. Өткен жылы спорттың 12 түрі бойынша спартакиада өтті.

парағына ақы төлеу жәйі, жұмысшылардың емдеу-сауықтыруға кеткен шығындарын қайтару қаражатына қатысты, мұнайшылар балаларының жұмысқа орналасуға қолдау көрсету, компанияда бірнеше жыл қатарынан жүзеге асып келе жатқан- баспана жәйін жақсарту бойынша жеңілдетілген несие беру бағдарламасы сияқты әлеуметтік мәселелермен

қатар, өндіріс ішілік жолдарды жөндеу, өндіріс алаңдарындағы арнаулы көліктерге арналған гараж ғимараттарының ескілігі, жөндеуді қажет ететіндігі т.б. жөнінде болды. Мұнайшылардың сұрақтарына басшылық тарапынан тұшымды жауаптар да берілді.

Жалғасы 6-шы бетте



(Жалғасы. Басы 4-5 бетте)

Бас директор Сәбит Арыновтың ұжымдармен кездесуі «Қайнармұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасында қорытындыланды.

Басқарма ұжымы 2023 жылдың өндірістік көрсеткіштерін, нақтыласақ, мұнай өндіру жоспарын 101,2%-ға, тапсыру жоспарын 101,3 %-ға орындады. Шығыс Молдабек және Береген Жоламанов кен орындары потенциалының арқасында өнім өндіру мен тапсыру көрсеткішін межеленген жоспардан артық орындауға мүмкіндік болған.

Компанияның барлық кен алаңдарындағы өндіріске 2023 жылдың шілде-тамыз айларында МАЭК-тің 1-ші және 3-ші энергоблогының тоқтауы салдарынан қиындық туғанын атап өтті. Нәтижесінде «Атырау-Жарық» акционерлік қоғамы тарапынан Ембі өндірісінің кен орындарына электр энергиясын беруге шектеу қойылғаны айтарлықтай кері әсер еткенін айтылды. Алайда, бұл қиындықтың «Қайнармұнайгаз»



МГӨ басқармасына әсері аз болды. Солтүстік Уаз кен орнындағы газ электр стансасын уақытылы іске қосудың арқасында оның тиімділігін және газды кәдеге жарату үшін газ электр стансасын енгізу стратегиясының дұрыстығын көрсетті.

Басқарманың өткен жылдағы табыстары сараланған есептік кездесуде оң нәтижелер баяндалумен қатар, жұмысшылар тарапынан сауалдар да қойылды. Мұнайшылар өздерін алаңдатқан сауалдарды, Кенбай кен алаңындағы әкімшілік ғимараты құрылысының тоқтап қалу себебі, осы кеніштегі өндіріс ішілік жолдардың сапасының сын көтермейтіндігі өндірістік жұмыстарға кедергі келтіріп отырғандығы, Сағыз өзенінің жыл сайын та-

ЕСЕПТІК КЕЗДЕСУ: МЕЖЕЛІ МІНДЕТТЕРДІҢ ОРЫНДАЛУЫ ОЙДАҒЫДАЙ



суы өндіріске кедергілер келтіріп отырғандығы, көпір немесе өткел салу мәселесі, Солтүстік Уаз кенішінде асхана салу қажеттілігі, қайнарлықтардың вахта ауысымы

кезінде пойыздың жүру уақытын өзгерту жөнін оңтайлы шешу т.б. мәселелер қозғалды. Әр мекеменің болашағы білімді, білікті кадрларға байланысты деген пікірді алға тартқан кадр саясатына жауапты мамандар

жалпы «Ембімұнайгаз» АҚ өндірістік және әлеуметтік мәселелерін шешуге жұмысшы жастарды белсенді тарту мақсатында Жас мамандар күні және жас мамандардың үздік жобаларын іріктеу шарасы тұрақты ұйымдастырылатынын, соның ішінде өткен жылы кадрлық резервті дайындау үшін жас мамандарға арналған SERPIN модульдік бағдарламасы іске қосылғанын атап өтті. Аталған бағдарламаға былтыр 28 адам қатысса, оның 1-уі – «Қайнармұнайгаз» басқармасының жас маманы. Сәбит Әбілдаұлы Ембі өндірісіне тың серпін беретін осындай талантты жастарға кең қолдау көрсету жөнін баса айтты.

Барлық басқармаларда өткен есептік кездесуде Компания басшылығы ұжымдардың 2023 жылдың есебін тыңдай отырып, алда кезегін күткен іс-шараларды сәтті орындап, 2024 жылды да толымды табыстармен қорыту маңыздылығына тоқталды. Жекелеген тиісті қызметкерлерге нақты тапсырмалар берді.



БЕЗОПАСНОСТЬ

На заседании Комитета по производственной безопасности, охране труда и окружающей среды АО «Эмбаунайгаз» рассмотрены показатели в этой сфере за январь 2024 года. Как положительный факт отмечена нулевая статистика по таким ключевым направлениям как смертельные случаи, несчастные случаи и ДТП. Заседания Комитета проводятся в компании ежемесячно, руководители производственных структурных подразделений на этой встрече присутствовали онлайн.

Открывая заседание, генеральный директор Эмбаунайгаза Сабит Арынов отметил, что компания завершила 2023 год с хорошими показателями в области производственной безопасности и охраны труда и в наступившем году важно не снижать планку собственных достижений. Январская статистика дает основания для уверенности.

– Начиная с 2021 года кривая динамики несчастных случаев в

КОГДА «НУЛЬ» ИМЕЕТ ЗНАЧЕНИЕ



АО «Эмбаунайгаз» идет вниз, – сказал в ходе заседания и.о. главного технического руководителя ЭМГ по охране труда, промышленной безопасности и охране окружающей среды Ануарбек Каримов.

Согласно статистике, в январе работниками ЭМГ заполнена 391 карта «Корғау». Лидером по заполнению карты «Корғау» в стартовом месяце года стало НГДУ «Доссормұнайгаз» – 129 карт вместо запланированных 60. Эти данные свидетельствуют о глубокой личной вовлеченности персонала в работу по без-

опасности и ответственности сотрудников за состояние дел в этой сфере.

Также стало традицией выступление на заседании Комитета руководителей профильных структурных подразделений на тематику ПБОТОС. На этот раз директор департамента по добыче нефти и газа Кайсар Тулеушов в ходе презентации заострил внимание коллег на необходимости придавать внимание любым полученным ранениям и микротравмам, поскольку многие из них могут иметь непредсказуемые послед-

ствия, а потому должны быть учтены, диагностированы и устранены на начальной стадии.

В рамках проектов по повышению осведомленности в области ОТ и ОС на предстоящий год запланирована большая работа по темам охраны здоровья, транспортной безопасности, сохранению водных ресурсов, взаимодействия с подрядными организациями и другим вопросам.

Не уходя от повестки ЭМГ и вопросы охраны окружающей среды. Так, в 2023 году компанией рекультивировано 181,69

тыс. тонн исторически загрязненных земель, на текущий год запланирована рекультивация и очистка 177,2 тыс. тонн. В 2024 году ЭМГ планирует посадить зеленые насаждения по программе «Зеленый пояс» на 17,5 га земли.

Далее были заслушаны отчеты руководителей ПСП за январь, обсужден ход исполнения протокольных поручений по вопросам безопасности, даны поручения по усилению контроля при допуске на объекты ЭМГ подрядных организаций.

Подводя итоги, генеральный С. Арынов сказал:

– Высшая наша ценность – это люди, поэтому создание безопасных условий труда и охрана здоровья – одна из главных стратегических задач. Нефтяники должны возвращаться домой целыми и невредимыми, для этого необходима личная приверженность руководителей и сотрудников в процесс управления промышленной безопасностью, охраной труда и окружающей среды.

Следующее заседание Комитета состоится в марте, а заслушивание руководителей подрядных компаний по вопросам безопасности, напомним, проводятся ежеквартально.

2023 жылдың қорытындысымен «Жыл үздігі» атанған әріптестеріміз туралы материалдар топтамасын жалғастырамыз. Кезек «Жылдың – үздік шеберлерінде».

Үздік шеберлер

БІРЛЕСКЕН ЕҢБЕК АЛҒА ЖЕТЕЛЕЙДІ



2018 жылдан бері шебер болып қызмет етіп келемін. Алдымен, жер қабат қысымын сақтау бригадасының, кейін мұнай және газ өндіру шебері болдым. Өзім туып-өскен жерім мұнайлы өлке болғандықтан, ес білгелі айналамдағы мұнайшы ағаларға қарап, еңбектеріне тәнті болып өстім. Сол себепті, мен де мұнайшы боламын деп шештім.

«Қазіргі шебер қандай болуы керек?» деген сауалға өзім үнемі жауап іздеп, өзімді жетілдіріп келемін. Қазір заманымыз жақсарды, өндірісте көптеген жағдайлар еңбек адамының қамы үшін жасалған. Жаңа техника-технологиялар енгізілуде. Бригаданы біріктіріп, тіл табысып, көздеген мақсатты орындауға бір жұмыла атсалыса білуі керек деп есептеймін. Өйткені, жұмысты жүргізетін – бригада, еңбек те – бригаданікі.

Бригадамыздың құрамында 10 адам еңбек етеді. Жас ерекшеліктері орта жастан жоғары. Мұнайды дайындау және айдау кезінде технологиялық сорғылардың күрделі жөндеу мерзімін ұлғайтуға біріксідей барлығы да атсалысты. Барлығы да – тәжірибесі мол жұмысшылар. Ақыл-кеңестерін маған да айтып отырады. Сондықтан, олардың да ұсыныстарын тыңдап, пікір алмасу маңызды.

2023 жыл сәтті өтті. Шығыс Мақат кен орнымыздың 30 жылдығы аталып өтті. Арамызда үлкен марапаттарға ие болған әріптестеріміз бар. Ұжым – екінші үйіміз болғасын, бір-біріміздің жетістігімізге қуанып, бөлісіп отыруға аса мән береміз. Себебі, қуаныш бөліссе, көбейеді.

Әлібек ҒАБДУЛҒАЗИЕВ,
«Доссормұнайгаз» МГӨ басқармасының №3
Шығыс Мақат мұнай және газ өндіру цехының
№1 бригадасының мұнай-газ және конденсат өндіру шебері

ӘКЕ СІЛТЕГЕН ЖОЛ АДАСТЫРМАЙДЫ

Осыдан 31 жыл бұрын «Жайықмұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасына қарасты №3 «Жаңаталап» мұнай-газ өндіру цехына зерттеу операторы болып жұмысқа орналастым. Содан бері осы кеніште тұрақты еңбек етіп келемін. Ал, 2007 жылдан бастап шебер болдым.

Кей адамдарда «мен неге осы мамандықты таңдадым?» деген сұрақ туындайды. Ал, мен өз шешімімнің дұрыстығына ешқашан күмәнмен қараған емеспін. Себебі, әке сілтеген жол еш адастырмайды. Әкем арнаулы техника көлігінің жүргізушісі болған. Оның жұмысқа деген ыждағаттылығы, шаршап келсе де еңбек етуге деген ерік-жігері мені де осы салаға ынталандырды.

Менің ойымша, мұнайшы мамандығы – бұл тұрақтылық. Дағдарыс кезінде де мұнайға деген қажеттілік төмендемейді. Соған сәйкес еңбек те бағаланады. Ел экономикасын арттыруға қосып жатқан үлесіңді сезінудің өзі де – үлкен мәртебе. Сол себепті, мен де мамандығыммен мақтанамын.

Отыз жыл айтарлықтай үлкен кезең болмағанымен, қазір жұмыс мүлдем басқа. Заман талабына сәйкес технологиялар ауысып, жұмыс барысы өзгерді. Менің ойымша, өндірісте шебер-озық технологияларды жетік меңгерген, сол теорияны тәжірибе жүзінде қолдана алатын, түрлі мәселенің шешімін таба білетін маман болу керек деп ойлаймын. Біздің бригаданы дәл сондай ұжым деп, айта аламын.

2023 жыл өндіріс саласында табысты жыл болды деуге болады. Біліктілікті арттыру курстарына қатысып, сол жерде үйренген теорияларды, озық технологияларды меңгеріп, осы жылға жоспарланған жұмыстарды жасадық. Атап айтар болсақ, ұңғыларды жәй жөндеу бригадасы көмегімен 10 ұңғыны қосымша аттыру жұмысы, ұңғыларды күрделі жөндеу бригадасы арқылы суланған аралықтардағы ұңғыларды жауып, басқа аралықтан аттыру жұмысы жүргізілді. АДПМ арқылы 30 ұңғыны ыссы мұнаймен өңдеу жұмысы жүзеге асты. Цех бойынша бұрғылау арқылы 2 жаңа ұңғы қазылып, жақсы өнім алу өндірістік үдерісі жалғасуда. Мақсат, жоспар көп. Берекесімен, іскерлігімен үлгі болған ұжымымыздың арқасында бәріне қол жеткізетінімізге сенемін.

Темірболат КАЛИДУЛЛИН,
«Жайықмұнайгаз» МГӨБ №3 цехының
мұнай-газ өндіру және конденсат шебері



ӨНДІРІСТЕГІ ШИРЕК ҒАСЫР

1998 жылы Атырау мұнай және газ институтының «Мұнай және газ ұңғымаларын бұрғылау» мамандығын «Тау-кен инженері» біліктілігімен тамамдап, 1999 жылдың қаңтар айында «Қайнармұнайгаз» МГӨБ Ұңғымаларды жерасты жөндеу цехына 2-інші дәрежелі оператор болып жұмысқа орналастым. Оған да, міне, табаны күректей ширек ғасыр болыпты.

Мен – Қызылқоға ауданының Кенбай ауылында туып өскен ауыл баласымын. Бала кезімізде мал бағып жүргенде, ауылымызға жақын жерде Солтүстік Қотырғас алаңында бұрғылау жұмыстары жүріп жатқанын көріп өстім. Сол кездері бұрғылау қондырғысымен мұнай ұңғымасын бұрғылап жатқан атпалай азаматтарды көргенде, өмірімді осы «қара алтын» өндірісімен тығыз байланыстырамын деп шешкенмін.

2001 жылы Ембіге қарасты төрт мұнай-газ өндіру басқармасының арасынан біздің басқармаға бірінші болып тербемелі сораптарды электрбұрандалы сораптарға ауыстыру тапсырылды. Негізгі жұмыстарды, әрине, ұңғымаларды жерасты жөндеу цехы атқарды. Сол кездегі шеберім Кәрімолла Шыңғысов, машинист Талғат Қайырғалиев және аға оператор Асылбек Ертеміров секілді өз ісінің кәсіби шеберлерімен бірге ұңғымаларға австриялық SBS, бразилиялық Netzsch сораптарын сәтті орнаттық. Сол азаматтардан үйренген біліктілігім мен тәжірибем мені 2004 жылы цех шебері лауазымына тағайындауға себепші болды. Оған да көзді ашып-жұмғанша 20 жылдың жүзі болды.

Қазіргі таңда заманауи техника, жаңа технология барлық өндіріс салаларын қамтиды. Ұңғымаларды жерасты жөндеу шебері де заманнан қалыспай, жұмыс процесінде барлық жаңа нәрселерді игеріп, толық пайдалана білу керек. Және де өз қарамағындағы қызметкерлерінің мінез, психологиялық ерекшеліктерін ескеріп, кез-келген проблема туындаған жағдайда ақылдасып, ойланып, салқынқанды шешім қабылдай білуі шарт деп есептеймін.

Менің бригадамда машинист Айдын Наурызғалиев, аға оператор Нұрхан Қалипанов және көмекші оператор Тұрлан Маженов деген азаматтар еңбек етеді. Үшеуі де – өз ісіне тыңғылықты, кәсіби мамандар. Бригадамыз ұйымшыл, жұмысқа «бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып» кіріседі. Ол еңбегіміз ұдайы бағаланып та келеді.

Өткен жыл ұжымымыз үшін өте табысты, берекелі жыл болды. Жұмыста тапсырылған барлық жоспар, тапсырма түгелдей орындалып, басшылық тарапынан тек жақсы атаққа ие болдық.

Ал, «Жылдың үздік шебері» марапаты, шынтуайтқа келгенде, біздің ұңғымаларды жерасты жөндеу цехы еңбегінің нәтижесі. Цех бастығы Талғат Қайырғалиев пен орынбасары Асылбек Ертеміровтің цех қызметкерлеріне ең басты қоятын талабы - еңбекті қорғау, техника қауіпсіздігі және өндірістік қауіпсіздікті сақтау. Содан кейінгісі - жұмыс жоспарымен тыңғылықты танысып, ұсақ-түйегіне дейін ескеріп, барлығын ыждағаттап тындыру. Жұмыстың әрбір сәтіне, кез-келген тапсырмаға жауапкершілікпен қарап, барлық туындаған кедергілер мен қиындықтарды жеңіп шығуға тырысамыз.

Жомарт МЕКЕБАЕВ,
«Қайнармұнайгаз» МГӨ басқармасының
ұңғымаларды жерасты жөндеу цехының шебері

ЖЕТІСТІК СЫРЫ - АУЫЗБІРШІЛІКТЕ

Әкем Жәнібек Жұмағалиев Прорвада мұнай-газ өндіру цехында механик лауазымын атқарған еді. Сол кездер әлі есімде. Жұмыстан келгесін, кешкісін дастархан басында жұмысы жайында әңгіме қозғап, АЗ парағына жұмысшылардың айлық сағаттарын сыздыртып көрсететін. Ол кезде мен 9-шы сынып оқушысы едім, соның бәрін санама жаттап өскен мен 2004 жылы мектепті бітіргенде, ойланбастан мұнайшы мамандығын таңдағаным.

Еңбек жолымды 2006 жылдың шілде айынан бастап алғаш Прорвадағы Ж.Досмұхамбетов кен алаңына 3-ші дәрежелі мұнай-газ өндіру цехының операторы лауазымынан бастадым. 2011 жылы мамыр айында Прорвадағы ұңғыларды жерасты жөндеу цехына 4-дәрежелі оператор лауазымына ауысып, 2019 жылдың ақпан айында шебер болып еңбек етіп келемін.

Ұжымда еңбек еткендіктен, қойылар талап зор. Соның ішінде, шебер жан-жақты болуы керек деп ойлаймын. Жылдан-жылға технология жаңарып, ішкі құжаттар да электрондық әдіске көшуде, жаңа жобалар қолға алынууда. Сондықтан, жұмыс барысын 1-2 күн бұрын жоспарлаған жөн.

Өткен жылы өндіріс саласында құралдарымыз жаңарып жұмысшыларға жеңілдік туғызды. Ұңғы түбін жуу кезінде, сорапты компрессорлық құбырды ашып-жабу кезінде бұл құралдардың маңызы зор.

Ұңғыларды жерасты жөндеу бойынша жоспарланған іс-шараларды орындау жұмыстарын ұйымдастыруда біздің бригада сәтті жұмыстар атқарды. Сондықтан, жыл қорытындысымен «Үздік шебер» атану тек маған емес, бригадама берілген марапат деп білемін.

Серік ЖҰМАҒАЛИЕВ,
«Жылыоймұнайгаз» МГӨБ Прорвадағы ұңғыларды
жерасты жөндеу цехының ұңғыларды жөндеу шебері





Кібісе жылы туралы не білеміз?

Қолданыстағы күнтізбе бойынша биылғы 2024 жыл кібісе боп есептеледі. Бұл — осы жылдағы тәулік саны жылдағыдан бір күнге артық деген сөз. Кібісе жылы (високосный год) төрт жыл сайын бір айналып келеді. Басқа жылдарда 365 күн болса, бұнда 366 күн бар. Халық арасында төрт жылда бір келетін Кібісе жылы турасында әртүрлі пікір айтылады. Кібісе дегеніміз не? Қайдан шыққан? Ол қандай жыл?

Көптеген деректерде Кібісе жылының пайда болуы ежелгі Мысырдан бастау алған делінеді. Осы елдің ғалымы Сотис сонау жылдардың өзінде «Сүмбіле» ең жарық жұлдызын біраз уақыт зерттеген. Оның таң ертесімен оңтүстік көкжиектен көрінуінен бастап, әр жылдың 365 күннен тұратынын анықтаған.

Жұлдыздардың жай-күйін терең зерттеген Сотис күндерді жаңылмай санай отырып, күн жылынғанда ағыл-тегіл таситын Ніл өзені суының шаруалардың үлкен еңбекпен екен егістік алқаптарын шайып кетуін Сүмбіле жұлдызы туатын кезеңімен байланыстырған. Сол арқылы египеттік ғалымдар халыққа Сүмбіленің туатын мезгілін дер кезінде ескертіп жүрген. Осындай санақтың нәтижесінде өзіміз бүгінгі күні қолданылып жүрген күнтізбе пайда болыпты-мыс. Сөйтіп, ғалымдар күн мен түннің теңелу уақытының арасын жыл деп атады.


Жылдың төрт мезгілін аңғарып, бір жылды жылдың мезгілдеріне сәйкес төртке бөлді. Бұған қоса, ғалымдар өздерінің зерттеуінде әр үш жылдың 365 күнге аяқталып, ал, әрбір төртінші жылдың күн саны алдағы үш жылда бір күннің артық қалуы салдарынан 366 күнге толатынын дәлме-дәл есептеп шығарды. Міне, осыдан келіп, славяндар «високосный», ал, мұсылман елдері «Кібісе жыл» деп атайтын жыл пайда болды. Сөйтіп, үш жылда бір рет қайталанып келетін басы артық бір күн ақпан айының үлесіне тиді. Осылай Кібісе жылы пайда болған.

Халық арасында Кібісе (високос) жылы туралы теріс пікірлер бар. Тіпті, қазір де осы жылдан үрейленіп, сақтанатындар табылады. Бұндай түсініктің болуын кейбіреулер 1812 жылғы Наполеонның Ресейге қанды жорығымен байланыстырады.

«Кібісе жылында жаңа құрылыс бастауға болмайды» дейді. Бұл да – бекер сөз. Тарихты парақтасақ, 1886 жылы — Кібісе жылында Парижде өткен жалпыфранцуздық сәулет және инженерлік жобалар байқауына Эйфель мұнарасын салу жобасы ұсынылыпты. Сол сияқты, «Кібісе жылында неке қидыруға, құрсақ көтеруге немесе нәрестені дүниеге әкелуге болмайды», т.с.с. негізсіз, дәйегі жоқ тыйымдар мен болжамдарды айтылады. Алайда, жылдың немесе күннің жаманы болмайды. Бәрі – адамдардың өз наным-сенімдерінде. Сондықтан, негативті ойлаудан арылып, Кібісе жылы тіршілікке жайлы, игілікті оқиғаларға толы жыл болсын деп тілек білдіреміз!

2024

«Ембі тынысы» газетін осы QR код арқылы да оқи аласыздар.



Меншік иесі: «Ембімұнайгаз» АҚ

Шығарушы:
Қоғаммен байланыс тобы

Бас редактор: А.Ертлеуова

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитетінен мемлекеттік тіркеуден өтіп, 2024 жылғы 18 қаңтарда № KZ69VPY00085699 күәлігі берілді.

Газет айына 1 рет шығады.
Таралымы – 3500 дана.

Редакцияның мекен-жайы: Атырау қ. Ш. Уәлиханов көш., 1.

Хат-материалдарды төмендегі мекен-жайға жолдай аласыздар:

Ғ.Қаражанова – 8 (7122) 99-34-21; 21-121.
G.Karajanova@emg.kmgerp.kz

И.Сатылғанова – 8 (7122) 99-34-66, 21-166
I.Satylganova@emg.kmgerp.kz

А.Ертлеуова – 8 (7122) 99-32-09, 21-309
A.Ertleuova@emg.kmgerp.kz

Баспахана: «Реформа» ЖШС

Мекен-жайы: Алматы қаласы

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС:

Ғ.Шанаев – Бас директордың өндіріс жөніндегі орынбасарының міндетін атқарушы;

Р.Тасмағамбетова – Бас директордың экономика және қаржы жөніндегі орынбасары;

Қ.Әбенев – Бас директордың кадр және әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары;

А.Кенжехорұлы – Аппарат жетекшісі;

Ә.Каримов – Еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі бас техникалық басшының м.а.;

К.Түлеушов – Мұнай және газ өндіру департаментінің директоры;

Ғ.Қаражанова – Қоғаммен байланыс тобының жетекшісі;

Ж.Дәуітов – «Жас мамандар» кеңесінің төрағасы.